



FARABI
UNIVERSITY – 90

QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№46 (1958) 30 ЖЕЛТОҚСАН 2024 ЖЫЛ

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті.



Іс-шараға ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

Жаңа жетістіктер бастауы



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары мен қызметкерлері, білім алушы жастар!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2024 жылды ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қаринның қатысуымен өткен 90 жылдық мерейтойлық жиынмен қорытындылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұжымға арнаған құттықтауында: «Қасиетті қара шаңырақ ғасырға жуық уақыт ішінде іргелі білім ордасына айналды. Білікті мамандар ұстаханасы ретінде өзінің бірегей дәстүрін қалыптастырды. Өске-лең ұрпақты білім, ғылымға баулып, олардың бойына адал азаматқа тән қасиеттерді сіңіру жолында еңбек етіп жүрген университет ұжымына шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздер алдағы уақытта да осы миссияны

абыроймен атқарасыздар деп сенемін», – деп атап өтті.

Президент жарлығымен 40-тан астам оқытушы-профессорлар құрамы мемлекеттік наградаға, 100-ге жуық қызметкер түрлі ведомстволық марапатқа ие болды. Бес ғалымға пәтер кілті табыс-талды.

Жоғары деңгейдегі сый-құрметке бөленген ҚазҰУ ұжымы осы сенімді ақтап, Жаңа жылда жаңа жетістіктерге ұмтылары сөзсіз. Ары қарай да университет білімі мен ғылымын нығайтып, береке-бірлікте еңбек етеді деп ойлаймын. Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, мол табыс тілеймін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

ҚазҰУ-дың 90 жылдығы жоғары деңгейде өтті

Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, шетелдік қонақтар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, білім ордасының оқытушылары мен студенттері қатысты.

Мерейтойлық шара барысында университет жетістіктері мен халықаралық байланысының дамуы және ғылыми-инновациялық жобаларына арналған көрме ұйымдастырылды.

Бүгінде ҚазҰУ базасында 7 ғылыми-зерттеу институты, 140 ғылыми зертхана, 34 ғылыми орталық пен 2 ұжымдық пайдалану зертханасы табысты жұмыс істейді. Университетте жалпы құны 36 млрд теңгені құрайтын 400-ден астам жоба жүзеге асырылуда. 90 жылдық



аясында Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орнатылып, Өндірістік робототехника және роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығы жаңадан жасақталды. Айтулы жылда «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы бой көтерді. 5 мың шаршы метрді құрайтын

хаб креативті индустрия, жасанды интеллект, стартап жобаларды жүзеге асырады.

Көрмеден соң іс-шара салтанатты жиынға ұласты. Жиналғандарға еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орны туралы «Farabi – 90» тарихи-деректі фильмі көрсетілді. Фильмде 1934 жылы ашылған білім ордасының бүгінге дейінгі жетістіктері мен тарихи оқиғалары туралы ақпарат берілді.

Салтанатты жиында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасының ғылыми-зерттеу, инновациялық қызметінің нәтижелері мен жетістігіне тоқталды.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты рәсімде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және ғылыми қызметіне елеулі үлес қосқан профессорлар, оқытушылар мен университет қызметкерлері марапатталды. Марапаттарды ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин табыстады.

Мемлекеттік наградамен марапатталды

I дәрежелі «Барыс» орденімен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев марапатталды. Осы санатта II дәрежелі «Барыс» орденімен филология ғылымдарының докторы, профессор Эльеонора Сүлейменованың көрнекті жұмысы атап өтілді.

«Парасат» орденімен тарих ғылымының докторы Мадияр Елеуов пен биология ғылымының докторы Сабир Нұртазин

марапатталды. Бұл награда мемлекеттік және қоғамдық қызметкерлерге, сондай-ақ ғалым және мәдениет қайраткерлеріне, адам құқықтары мен әлеуметтік мүдделерді қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін, сондай-ақ республиканың рухани және зияткерлік әлеуетін дамытуға қосқан жеке үлесі үшін беріледі.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Ғалымдардың еңбегі бағаланды



4-бет

Әл-Фараби трактаттарындағы «Тәрбие тұжырымдамасы»



5-бет

Атамекенге оралған қазақ жастары



ҚазҰУ-дың 90 жылдығы жоғары деңгейде өтті

Соңы. Басы 1-бетте

«Бүгінгі күннің университет үшін ғана емес, ел дамуындағы тарихи маңызы зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қазір ғылым мен білімнің заманы. Отанымызды көркейтеміз десек, ең алдымен, осы екі саланы дамытуымыз керек» деген сөзін университет ұжымы жан-жақты жүзеге асыруда. Қазіргі сәтте университетте 3265 оқытушы-профессор табысты еңбек етуде. Университет жоғары рейтингті журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар саны бойынша алдыңғы қатарда тұр. 2024 жылы Scopus-та жарияланған әр алтыншы мақала (17,4 пайызы) ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. Республика бойынша «Үздік оқытушы» атағын 2024 жылы алған 150 адамның 24%-ы – ҚазҰУ өкілдері. Бүгінгі күні Президент тапсырмасына сәйкес, ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыруды қолға алдық», – деді ректор.

Мерейтойлық шарада Ерлан Қарин ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

«Баршаңызды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуымен құттықтаймын! Бұл тұтас білім және ғылым саласының мерейлі белесі. Қазақ ұлттық университеті – еліміздің тұңғыш жоғары оқу орындарының бірі. Қасиетті қара шаңырақ ғасырға жуық уақыт ішінде іргелі білім ордасына айналды. Білікті мамандар ұстаханасы ретінде өзінің бірегей дәстүрін қалыптастырды. Білім ордасы бүгінгі мерейтойына зор жетістіктерімен жетіп отыр. Беделді халықаралық рейтингтерде Орталық Азия аймағындағы ЖОО көшін бастауы соның айқын дәлелі. Студенттерді ғылым мен білімге баулып, олардың бойына адал азаматқа тән қасиетті сіңіру жолында еңбек етіп жүрген



университет ұжымына шынайы ризашылығымызды білдіремін», – делінген Президент құттықтауында.

Өз сөзінде Ерлан Тынымбайұлы университет 90 жыл бойы жоғары білім мен ғылымның қара шаңырағы бола отырып, түрлі салада білікті кадрларды дайындау жұмыстарын жүйелі жүргізіп келе жатқанына тоқталды. Мемлекеттік кеңесші білім ордасы ғалымдарының отандық ғылымды дамытуға қосып жатқан жұмыстарын жоғары бағалады.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Мемлекет басшысының ұдайы назарында. Соңғы жылдары білім ордасының мәртебесі көтеріліп, даму жолында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Екі жыл бұрын оқу ордасына «зерттеу университеті» мәртебесі берілді. Бұл үлкен нәтиже, жоғары көрсеткіш. Жұртшылық «ҚазҰУ қалашығы» деп атап кеткен қалашық-

тың ел үшін маңызы зор. Оны «Алматының бренді, тұтас дәуірдің төлқұжаты» деуге болады», – деді Ерлан Қарин.

Сөз соңында Ерлан Тынымбайұлы Президент жарлығымен университеттің қызметкерлерін мемлекеттік наградальармен марапаттады. Сондай-ақ жас ғалымдарға пәтер сертификатын табыс етті. Атап айтқанда аға оқытушылар Олжас Құрманбаев пен Жанар Райымбекова, Ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыс кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Нұргүл Амангелді, Молекулалық биология және генетика кафедрасының ғылыми қызметкері Әйгерім Қуанбай, сондай-ақ аға ғылыми қызметкер Ажар Мәлік жаңа пәтердің иесі атанды.

Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы атынан Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының профессоры Элеонора Сүлейменова сөз сөйледі.

Салтанатты шараның соңы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейтойына арнайы дайындалған концерттік бағдарламамен жалғасты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Мемлекеттік наградамен марапатталды

Соңы. Басы 1-бетте

Экономика, әлеуметтік сала, ғылым және мәдениетті дамытудағы еңбегі үшін «Құрмет» орденімен: биология ғылымының докторы Сұлтан Төлеуханов, экономика ғылымының кандидаты Мәди Байдәулетов, филология ғылымының докторы Баян Жолдасбекова, физика-техникалық ғылымдарының докторы Салтанат Бөлегенова және химия ғылымының кандидаты Алина Галеева марапатталды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы Ақпарат және коммуникация департаментінің директоры, ҚазҰУ-дың Баспасөз хатшысы Қаншайым Байдәулетке республика алдындағы ерекше еңбегі үшін берілді.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин сондай-ақ коммерцияландыру жөніндегі кеңсе басшысы Алмас Гаухарға, география ғылымының кандидаты Әлия Ақтымбаева, Дә-



рілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жанар Жеңіске, физика-математика ғылымдарының кандидаты Мәдина Мансұрова мен заң ғылымының кандидаты Қарлығаш Үсеиноваға



«Ерен еңбегі үшін» медалін табыс етті. «Шапағат» медалі Әлеуметтік-тәрбие департаментінің директоры Жұлдыз Есімоваға табысталды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Олжас БЕКТЕНОВ, Қазақстан Республикасының премьер-министрі

Абыройлы еңбектің жемісі

Құрметті университет ұстаздары мен студенттер қауымы!

Сіздерді тағылымы мол, тарихы терең Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру ісіндегі сапа мен тиімділікке баса назар аударып, елімізге еңбекқор, әділ және өз ісіне жауапты мамандар қажет екенін атап көрсетті. Бұл орайда сіздердің қажырлы еңбектеріңіз отандық білім беру саласын дамытуға ғана емес, тәуелсіз елге тұтқа болар нағыз патриот, аңтына адал, кәсіби білігі жоғары тұлғаларды қалыптастыруға бағыттталып отыр.

Осы уақыт ішінде университет қабырғасынан мыңдаған маман түлеп ұшты. Олардың ішінде ұлтымыздың қаймағы болған қайраткерлер мен көрнекті тұлғалар қаншама. Мұның барлығы ұлағатты іске шынайы



берілген сіздердей кәсіби ұжымның абыройлы еңбегінің жемісі деп білемін.

Университет ұжымы ғылыми жаңашылдығымен алдағы уақытта да әлемдік білім кеңістігіндегі бәсекеде лайықты орын алып, озат ойлы, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу жолындағы ізгі дәстүрді жалғастырады деп сенемін.

Мерейтой құтты болсын! Аса жауапты да мәртебелі еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін!

Ғани БЕЙСЕНБАЕВ, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі

Білім беру жүйесінің беткеуістары

Құрметті Жансейіт Қансейітұлы! Құрметті әріптестер!

Уақыттың ұлы көшінде асқақ асулардан асып, биік белестерді бағындырып, мерейтойға үлкен табыспен келген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Кемел келешектің кілті қашанда сапалы білімде. Бұл тұрғыда білім мен ғылымның орталығына айналған оқу орнының отандық білім беру кеңістігіндегі алар орны ерекше. Ғасырға жуық орны Қазақстандағы білім беру жүйесінің беткеуістар көркі, университеттік дәстүрлердің, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау көзі болды. Қасиетті қара шаңырақтың қалыптасу тарихында белгілі ұлт зиялылары Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов, Зейнолла Қабдолов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Әзілхан



Нұршайықов, Қадір Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Олжас Сүлейменов сынды көрнекті тұлғалар өшпес із қалдырды.

Білім ордасы еліміздің әлеуметтік-саяси өміріне және экономикасына зор үлес қосып, кәсіби маман даярлауда халықаралық озық тәжірибелерді енгізу арқылы өзінің кадрлық әлеуетін күшейтті.

Құрметті әріптестер! Мерейтой құтты болсын! Еліміздің жарқын болашағы және ғылыми, ұйымдастырушылық қызметі жолындағы ізгі ізденістеріңіз сара да салмақты табыстарға ұласып, әрдайым халықтың ілтипатына бөлене берулеріңізге тілектестік білдіремін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы аясында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамын арнайы наградалармен марапаттады.

Алдымен барша университет ұжымын 90 жылдығымен құттықтаған министр білім ордасының тарихына тоқталды. «Университет тарихына көз жүгіртер болсақ, қызық фактілер орын алады. Мәселен, 1930 жылдардың жартысында Кеңес өкіметі тұсында алғашқы ғылыми студенттік клуб осы ҚазҰУ-да құрылған екен. Ал 1972 жылы компьютер орталығы ашылған. Соғыс кезеңінде де білім ордасының ғалымдары мен студенттерінің үлесі зор болған. Мен жақында ғана Араб Әмірліктерінің ЖОО-ларына арнайы сапармен барып, ондағы білім беру мекемелерінің тарихи ұзақтығы 30 жылды қамтитынына таңғалып қайттым. Оларда ғылыми жүйе мен зертханалар жоқ.

Ғалымдардың еңбегі бағаланды



Ғылыми мектептер енді ғана қалыптасып жатыр. Демек, біздің елімізде бір ғасырға жуық тарихы бар білім мекемелеріміздің барлығы еліміздегі академиялық орта мен ғылымның көп елдерден көшілгені екенін көрсетеді», – деді министр.

Ары қарай министр ҚазҰУ ғалымдарына арнайы наградаларды табыстады. «Ғылым-

ды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен 19 оқытушы ғалым марапатталды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруде шығармашылық белсенділік танытқан 9 оқытушы «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісін иеленсе, «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» екі ғалымға төсбелгі тағылды.

Марапаттау салтанатында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев барша награда иегерлерін құттықтап, ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке білім ордасының 90 жылдық мерейтойына орай, «Әл-Фараби» алтын медалін тақты. Сондай-ақ ректор білім ордасының 55 оқытушы-профессорына «Әл-Фараби» алтын медалін табыстап, жоғары оқу орнының 43 қызметкерін ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Ведомстволық наградалар табысталды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы аясында білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы ведомстволық наградалармен марапатталды.

Марапаттау салтанатында сөз алған ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев: «Жыл сайын біздің оқытушы-профессорларымыз өртүрлі мемлекеттік марапаттарды иеленеді. Бүгінгі награда да біздің ғалымдарымыздың ғылым, білім саласындағы жоғары жетістігінің көрсеткіші. Біз білікті ғалымдарымызбен мақтанамыз», – деді.

ҚазҰУ оқытушыларына арнайы наградаларды ҚР оқу-ағарту вице-министрі Наталья Жұмаділдаева табыс етті.

Еліміздің ғылымы мен білі-

мін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасын жеті ғалым иеленді. Білім берумен қатар, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі зор үлесі үшін білім ордасының сегіз оқытушысына «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі табысталды. Бір салада 40 жылдан астам уақыт қажымай еңбек еткен тоғыз оқытушы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталса, 13 ғалым «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанды. Осылайша университетіміздің 37 оқытушы-ғалымы өртүрлі жоғары наградаларды иеленіп, ғылым мен білімнің қарқынды дамуындағы айрықша үлестерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Үздік атанған ұстаздар

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 36 оқытушысы «2024 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы атанды.

Ағымдағы жылғы конкурста отандық 38 жоғары оқу орнының 150 оқытушысы үздік деп танылды. Соның 36-сы ҚазҰУ-да жұмыс істейді.

Жеңімпаздардың әрқайсысы 2000 АЕК көлемінде сыйақы алады. Бұл шамамен 7 млн теңгені құрайды. Ақшалай ынталандырудан бөлек, арнайы төсбелгімен марапатталады.

Конкурс жыл сайын оқытушы кәсібінің беделін арттыру және оларды одан әрі кәсіби дамытуға ынталандыру мақсатында өткізіледі.

Биыл еліміздің 90 жоғары оқу орнынан барлығы 946 үміткер қатысты. Конкурста электронды оқу ресурстарын, оқу материалдарын әзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа патенттердің болуы және т.б. сияқты көрсеткіштер, сондай-ақ үміткердің оқыту сапасы, оның бакалавриатта, магистратурада және докторантурада кадрлар даярлау жөніндегі еңбегі бағаланады.

Физика-техникалық факультеті
Белегенова Салтанат Әлиханқызы
Темірбаев Әмірхан Әділханұлы
Қалкәзова Жанар Қаниқызы
Тоқтарбай Сәкен
Құрманов Ерғали Бержігітұлы
Ханиев Бақыт Абайұлы

Ақпараттық технологиялар факультеті
Алтаева Айгерім Бақытқалиқызы
Әбдірахметова Зухра Мұратқызы

Механика-математика факультеті
Темірбеков Нұрлан Мұқанұлы
Темешева Светлана Маратқызы
Қасенов Сырым Еркінұлы

Медицина және денсаулық сақтау факультеті
Тұрғымбаева Ақнұр Аманбекқызы

Химия және химиялық технология факультеті
Минажева Гүлшарат Салауатқызы
Әбішев Мәди Балтабайұлы
Бүркітбаев Мұхамбетқали
Кеңес Қайрат Маратұлы
Рахметуллаева Райхан Құлымбетқызы
Василина Гүлзира Қажмұратқызы
Ақбаева Дина Наурызбайқызы
Кеңесова Зарина Әнуарқызы

География және табиғатты пайдалану факультеті
Досжанов Ерлан Оспанұлы
Асипова Жанна Медеуқызы

Биология және биотехнология факультеті
Сәрсекеева Фариза Құдайбергенқызы
Тайпақова Сәбира Мықтыбекқызы
Құсманғазинов Әділ Болатұлы
Есімсейітова Зура Бүркітқызы
Басығараев Жандос Махабатұлы
Әбдиева Гүлжамал Жанәділқызы
Ерназарова Гүлзира Ізмұқанқызы

Экономика және бизнес жоғары мектебі
Адамбекова Айнагүл Амангелдіқызы

Заң факультеті
Айғаринова Гүлнәр Төлеуқадырқызы

Тарих факультеті
Үдербаева Сәуле Кәрібайқызы
Мейірманова Гүлжан Асанқызы
Егізбаева Меруерт Қарлыққызы

Филология факультеті
Мәмбетова Мәншүк Құдайбергенқызы

Философия және саясаттану факультеті
Аташ Берік Мұратұлы

Оқытудың инновациялық әдістері

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ғылыми кеңесте Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Бақыт Рахымбекова «Білім беру бағдарламаларын өзектендіру» тақырыбында баяндама жасады. Сондай-ақ Ғылыми кеңес мүшелеріне «Университеттегі инклюзивті ортаның жай-күйі мен даму перспективалары туралы» тақырыбында презентация ұсынылды.

енгізіледі



Білім беру бағдарламаларын өзектендіру алгоритмі факультеттердегі фокус-топтармен қазақстандық және халықаралық тәжірибені талдауды, жаңа оқу жылына контингентті болжауды, кадрларды даярлау бағыттары бойынша академиялық комитеттермен жаңартылатын білім беру бағдарламаларын талқылауды және бекітуді т.б. қамтиды. Мысалы, бакалавриатта «Қаржылық сауаттылық негіздері» пәні ЖББ циклін таңдау компонентіне енгізілді. Шешім ҚР ҚМ ОӘК отырысында, 2023 жылғы 20 желтоқсандағы Астана қаласындағы хаттамада қабылданды. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдар-

ламалары оқытушы үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының есебінде бекітілген кәсіби стандартқа сәйкес жаңартылды (ҚР ХӘҰ 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығы). Сондай-ақ 9 кредиттік пәнді 5 және 6 кредиттік пәнге ауыстыру туралы шешім қабылданды.

Жалпы, ағымдағы оқу жылында университетте 568 ОП іске асырылуда, оның ішінде 477 жаңартылған және 42 жаңа білім беру бағдарламасы, шетелдік жетекші серіктес университеттермен қосдипломдық жеті білім беру бағдарламасы бар.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқытудың инновациялық

әдістерін енгізу және оқу үдерісіне заманауи технологияларды қолдану қажеттігін айтып, технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында студенттерге еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін өзекті білім мен дағдыларды қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау және жаңарту мәселесіне назар аудартты.

Ғылыми кеңесте сондай-ақ «Университеттегі инклюзивті ортаның жай-күйі мен даму перспективалары туралы» тақырыбында «Инклюзивті орта» ғылыми-практикалық орталығының директоры Ғайниә Тажина баяндамасын ұсынды.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби трактаттарындағы «Тәрбие тұжырымдамасы»

Біз бүгінде жаңа интегралды-инновациялық қоғам құру жолына түстік. Бұл ХХІ ғасырда ғаламның жаңа толқыны – білім, ноосфера кезеңіне (7-ші формация) көшуі дегенді білдіреді. Яғни 7-ші формация – ізгілікті қоғамға көшу деген сөз. Адамзат баласының осы ізгі қоғам құруының алғышарты әлемдік заңғар тұлға – Әбу Насыр әл-Фараби трактаттарында сонау орта ғасырда-ақ терең тәпсірленген.



Ізгілік. Әл-Фараби «Ізгілік – адам жан дүниесінің тазалығы мен жүріс-тұрысының дұрыс болуы», «Ізгі қалада адамдар бір-біріне көмектесіп, бақытқа жету жолында бірігуі керек», «Ізгіліктің негізі – ақыл мен әділдікте» дей отырып, «Адамның ең жоғары жетістігі – ізгілікке тәрбиеленуі» деген тұжырым жасайды.

Бақыт. Ізгі қоғам құрылған жерде бақытқа жету оңай дейді. Бақытқа жеткізетін жол – ақыл, парасат деп көрсетеді. «Бақытқа жету үшін адам ақыл-парасат пен ізгілікті бойына сіңіруі қажет. Бұл қасиеттер тек дұрыс тәрбие арқылы қалыптасады» деп түйіндейді.

Ақыл-парасат. «Ақыл мен тәрбие бір-бірін толықтырады. Ақыл – білім береді, ал тәрбие – мінез-құлықты қалыптастырады». Оның еңбектеріндегі басты мақсат – адам баласын бақытқа жеткізетін ақылы толысқан, білімді, ізгі адамды тәрбиелеу. Ал ақыл-парасатты болудың жолы да дұрыс тәрбиеленуде жатыр деп есептейді.

Тәрбие (мораль). Әл-Фараби еңбектерінде тәрбие тек жеке тұлғаны емес, бүкіл қоғамды жетілдірудің негізі ретінде көрсетіледі. «Тәрбие адамның мінез-құлқын түзетіп, оның рухани жетілуіне ықпал етеді». Адамның бойындағы қайырымдылық, ізгілік, ақыл-парасат сияқты қасиеттер тек дұрыс тәрбие мен білім арқылы қалыптасады.

Тәрбиелеуші (кемел адам) тұлғасы. Ұлы педагог «Тәрбиенің негізін қалаушы – ұстаз» дей отырып, «Ұстаз – білім мен тәрбие беретін адам ғана емес, ол адамгершілік пен мінез-құлықтың да үлгісі болуы тиіс» деп, оның білімнің ғана емес, адамгершілік пен моральдың да жетекшісі болу керектігін баса нұсқайды. Ұстаздың өзі кемел адам болуы қажет деп, мұғалімнің рөлін аса биік бағалайды.

Сондай-ақ әл-Фараби адамның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру қабілетін негізгі қасиеттердің бірі деп санайды. «Адам өз-өзіне тәрбиеші болуға ұмтылуы керек, себебі өзінің рухани күштерін жетілдіру – ең жоғары міндеттердің бірі», «Тәрбиелі адам қоғам үшін де пайдалы болады, өйткені ол әділетті және мейірімді болады», «Адам өз бойындағы кемшіліктерін түзету үшін өзін-өзі тәрбиелеуі керек» («Қайырым-

ды қала тұрғындарының көзқарастары») деп, өзін-өзі жетілдірудің қағидаттарын көрсетеді.

Демек, «Адам баласының ең жоғары мақсаты – кемелдікке жету». Олай болса, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі арқылы қоғамның да кемелдікке жетуі мүмкін. Кемелдену үшін адам мынадай тәрбие кезеңдерінен өтеді: 1) Балалық шақ; 2) Жасөспірімдік уақыт; 3) Ересектік кезең. Осының екеуінде тәрбиені неғұрлым ерте бастағанды ұтымды санап, қатаң (өктем) және жұмсақ әдістерді пайдалануды ұсынады. Бұл арада «...Ұстаз тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені аса қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру оның қадірін кетіреді» деп, «алтын аралықты» ұстануына бағдар береді.

Сонымен әл-Фараби тәрбиені тек жеке тұлғаның ғана емес, қоғам гүлденуінің негізі деп қарастырады. Сондықтан өркениетке жету жолында білім-ғылым, ақыл-ой, даналық (хикма), бақыт (саадат), ізгілік (фадила), әділеттілік (адл), татулық пен ынтымақтық, қайырымдылық (хайр) сынды аксиологемалар қоғам өмірінің рухани құндылықтарын айқындаса, қайырымды қала, идеалды қоғам, идеалды ұстаз (басшы), бірлік идеологемалары адам баласын ортақ игілікке жеткізуді көздейтін терең идеялар жүйесін құрайды.

Жалпы, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қамтитыны белгілі. Ұлттық тәрбиенің бастауы да адамзаттық ақыл-ой көшінен керуен тартады. Ізгілікті дамыған қоғамда өмір сүреміз десек, мықты ұлттық идеология керек. Ал ұлттық идеологияның негізі әл-Фараби бабамыз негізін салған түркілік тәрбиеден бастау алары сөзсіз.

Сондықтан бүгінгі таңда «Түркілік тәрбие» антологиясының жазылуы да, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының қолға алынуы да білімді, адамзаттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді игерген, ұлттық кодты бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу жолындағы жұмыстарға жатады.

Қорыта келгенде, ұлы ойшыл, ғалым, философ, Екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінде «Тәрбие кодексін» негізі қаланады. Білім алушының тұлғалық дамуындағы метакогнитивті дағдыларын қалыптастыру ғалым трактаттарынан бастау алады. Оның тәрбие туралы айтқан ойлары бүгінгі күні де өзекті. Демек, Фараби педагогикасының өміршеңдігі адамзаттық асыл мұраттарға негізделуінде жатыр.

Алтынай ТЫМБОЛ,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі
кафедрасының доценті,
ф.ғ.д.

Биыл түркі мәдениетінің және әлемдік мәдени мұраның жауһары – Махмұд Қашқаридың «Диуани Лұғат ат-Түрк» атты сөздігінің 950 жылдығы. ЮНЕСКО шеңберінде 2024-25 жылдары аталып өтетін мерейтой тізіміне бұл еңбек те енген болатын. Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде «Тілтанудағы әлем картасын құру: Диуани Лұғат ат-Түрктің 950 жылдығы» атты халықаралық конференция өтті.

«Диуани лұғат ат-түрк»

сөздігіне – 950 жыл



Конференцияның мақсаты – ХІ ғасырда жазылған Махмұд Қашқаридың іргелі еңбегінің маңызын айқындау оның өзектілігін таныту және өскелең ұрпаққа таныстырып, насихаттауда жаңа бастамалар ұсыну.

Халықаралық конференцияны Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова ашып, «Диуани Лұғат ат-Түрк» энциклопедиялық сөздігінің 950 жылдығын 2024-25 жылдары ЮНЕСКО шеңберінде мерекеленуінің маңызына тоқталды. Сондай-ақ туындының қазіргі заманда мәдениетаралық байланыстарды нығайтудағы тарихи маңызы мен рөлін атап өтті. Ақтоты Райымқұлова ХІ ғасырда өмір сүрген ұлы бабамыз Махмұд әл-Қашғаридың бұл еңбегін тек екі тілдік сөздік деп қана қабылдамай, түркілердің бай мәдениеті мен тарихын танытатын энциклопедия, түркілер дәстүрінің өміршеңдігін танытатын ұлы мұра ретіндегі қабылдау керектігін баса көрсетті. Сондай-ақ «Диуани Лұғат ат-Түрк» сөздігінің 950 жылдығын мерекелеудің маңызды оқиға болуымен қатар, қазіргі жаһандану кезеңіндегі түркі халықтарының рухани мұрасын сақтауға қатысты бастамаларды күшейтуге көмектесетін үндеу деп қабылдауға шақырды.

Африканың негізгі мәселелері және сыртқы байланыстар бойынша ЮНЕСКО бас директорының орынбасары Фирмин Эдуард Матоко «Диуани Лұғат ат-Түрктің» 950 жылдығына арналған конференцияның қатысушыларын құттықтап, сөздікке «түркілер үшін де, бүкіл адамзат үшін де зор маңызы бар мәдени мұра» деген баға берді.

Конференция Францияда аккредиттелген түркі мемлекеттері елшілері, ЮНЕСКО істері бойынша ұлттық комиссиялардың бас хатшылары және ЮНЕСКО жанындағы Түркі мемлекеттері тұрақты өкілдері, сондай-ақ баяндама жасаған Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Түрікменстан, Мажарстан және басқа да мемлекеттерден келгені көрнекті ғалымдардың басын қосты.

Сонымен қатар іс-шарада Ыстамбұлдағы Али Эмири Эфендидің кітапханасында сақталған «Диуани Лұғат ат-Түрк» түпнұсқасының репликасы, туындының тарихи жолын және Махмұд әл-Қашғари өмірін суреттейтін ақпараттық стенділер ұсынылды.

Конференция барысында белгілі арабтанушы Зифа-Алуа Әуезова мен нидерландылық түркітанушы Роберт Эрмерс «Диуани Лұғат ат-Түрк» сөздігінің арабшадан орыс тіліне аударылған нұсқасының жаңа басылымымен таныстырды.

Мен конференциядағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің атынан қатысып, «Махмұд Қашқаридың «Диуани Лұғат ат-Түрк» еңбегінің метатілі» деген тақырыпта баяндама жасадым. Еңбек бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ, ХІ ғасырда жазылған энциклопедиялық сөздік ХХІ ғасырда да зерттеу нысаны болатын құнды жәдігер екеніне тоқталдым. Конференция нәтижелі өтті, жасалған баяндамалар жинақ ретінде жарық көрді.

Баян ЖҰБАТОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік
Азия кафедрасының
профессоры

2001 жылдың 1 қазанынан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті (бұрынғы шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті) шетелден келген қазақ жастарын оқытуды міндетіне алды.

Атамекенге оралған қазақ жастары



Содан бері факультетіміздегі білікті, тәжірибелі ұстаздардан 3000-нан астам қазақ жастары білім алды. Олар – Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстан, Түркия, Германия, Франция, Ұлыбритания, Швеция, Сауд Арабиясы, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Латвиядан атамекеніне келіп, ана тілінде білім нәрімен сусындады. Білім алған жастардың көпшілігі жоғары білімді, кәсіби маман ретінде атамекенінде қалып, қазіргі таңда еліміздің интеллектуалды әлеуетін арттыруға өз үлесін қосуда.

Түлектеріміз еліміздің түкпір-түкпірінде жоғары оқу орындарында және түрлі салада абыройлы жұмыс атқаруда. Солардың бірі «Қамшы» ақпарат порталының жетекшісі – Біләл Қуаныш. Бүгінде түркі халықтарына ортақ қамшы түрлерін шығарып, қазақтың ұлттық құндылығын заманауи форматта насихаттауда. Әдебиет зерттеушісі, қолжазба танушысы, текстолог – Нұржұма Елесбай. Ақын, журналист – Жақсылық Қазымұрат, әнші, композитор, қазақ эстрадасының жұлдызы – Ұшқын Жамалбек. Геофизик, инженер Кәпәу Ғалым. С.Сейфуллин атындағы музейдің ғылыми қызметкері – Алаш Тұрсынәлі. Алматы технологиялық университеті «Жастар шығармашылығы» орталығының көркемдік жетекшісі – Әкімбек Асқар. Әннес Бағдат – драматург, Марина Оқап – дарынды суретші, Ағзанбек Кәріменқанұлы – құрылыс инженері, энергетик, Арайбек Азатбекұлы – педагог, математика пәнінің мұғалімі. Заңәділ Жұлдыз – шет тілдерінің маманы, түрколог, аудармашы және т.б.

Шетелден тарихи Отанына білім алуға келген қазақ жастарын тәуелсіз Қазақстанның қазіргі жағдайына бейімдеп, сонымен қатар олардың атамекеніне деген сүйіспеншілік сезімін арттырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени әлеуетін дамытуға өз үлестерін қосуға ұмтылдыру мақсатында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ұстаздар ұжымы тәрбиелік, тәлімдік мәні зор іс-шараларды жиі өткізеді. Сондай-ақ мәдени-танымдық саяхат, кәсіби бағдарлық бейіндік сабақтармен қатар, түрлі тақырыптар аясында шығармашылық байқаулар, кездесулер өткізіп, ұйымдастырады және ту-

ған елге табан тіреген өнерлі жастардың шығармашылығын шыңдауға көп көңіл бөледі.

